



№40 (9927)
20 мамыр
сенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жауапшысы



Салтанатты шара



Өнер саңлақтары құрметке бөленді

Қазақ елі талай қиын-қыстау заманды басынан өткерсе де, кең байтақ жердің үстінде дәстүр-салтымызды, тұғырымызды биік ұстанып, бейбіт өмір сүріп келеді. Иә, мақтанғаныңмен, оңай дүние емесін түсінуге болады. Ойланып қарасаң, халықтың рухын көтеріп, оларды моральдық азғындықтан, сезімдік жадаулықтан сақтайтуғын күш бар екеніне тағы мәрте көз жеткізесің. Әрине ол – мәдениет. Мәдениет қоғамды адами құндылықтардың құлдырауынан құтқарып, халықтың дүниетанымын кеңейтіп, санасын арттырып, ізгілік пен жақсылық үшін белсенділігіне, өзгелерге құрмет пен сыйлайтық сезімді жоғарылатады. Соның арқасында ел мерейі өсіп, адам өміріне мән-мағына береді, болашаққа жол ашады. Сондықтан мәдениетті қадірлейтін қоғамның ғана келешегі бар.

21 мамыр еліміздегі мәдениет және өнер саласындағы қызметкерлердің кәсіби мерекесі ретінде 2013 жылдан бері атап өтіліп келеді. Осы орайда аудан орталығында аталған мерекеге арналған салтанатты шара өтті. Аудан басшысы Асқарбек Есжанов көпшілікті айтулы мерекемен құттықтап, салада аудан өнерпаздарының өзіндік орны барын жеткізді.

– Мәдениет пен өнер – егіз ұғым, адамзат тарихының құрметіміз, қоғамның айнасы және бет-бейнесі. «Өнер – ұлттың жаны» деп қазақ даналығы бекер айтпаса керек. Өйткені өркениетті ел ең алдымен өлемге рухани мұрасымен, тарихымен, өнерімен, ұлты ұлықтаған тұлғаларымен танылады, бағаланады. Десе де әр ұлттың өзіне тән, ешкімге ұқсамайтын, болмыс-бітімін даралап, өзіндік жолын айқындайтын мәдениеті болады. Яғни мәдениет арқылы ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты көрінеді. Иә, ел руханиятының мәйегі мәдениетте екені бүгінгі кезіңдеріміз үшін айқын қағидаға айналып отыр. Кең байтақ жерімізде ата-бабамыздан бері келе жатқан ұлттық ұстанымымыз қазіргі мәдениетпен біте қайнасып, тамырын тереңге тартуы халық сұранысынан, өмір талабына сай болғанынан деп білеміз. Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер ауданның әлеуетін арттыруда халықты өрелі өнермен сусындатып, рухани байлықты толықтыруға және игі дәстүрлерді жалғастыруда аянбай еңбек атқарып келесіздер! Ауданымыздың өнері мен мәдениетіне сүбелі үлес қосып, осы саланың мерейін көтеріп жүрген сіздерге айтар алығсымыз көп. Киелі өнер жолында қасиетті Жалағашты елге танытып, биік тұғырдан көрсетіп жүрген баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге шабыт, жаңа шығармашылық ізденістер тілеймін, – деді аудан әкімі Асқарбек Темірбекулы.

Мұнан кейін аудан әкімі мәдениет пен өнер саласындағы мәртебелі мамандық иелеріне «Еңбек даңқы» төсбелгісі мен облыс әкімінің және аудан әкімінің алғыс хаттарын табыстады. Сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек ететін сала майталмандары да аудандағы өріптестерін көпшілік алдында бейнеролик арқылы кәсіби мерекелерімен құттықтап, ақ тілегін жеткізді.

Салтанатты шара көш қонақтарына арнайы дайындалған өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Жандос ЖАЗКЕН



Сапар

Елдің мәселесі ертеңге қалмайды

Дәуімбайда 6 мыңдай халық бар, аудан орталығындағы қос елді мекенді теміржол бөліп тұр. Негізінен әлеуметтік нысандардың барлығы кентте орналасқанын бағамдасақ, арғы беттегі ағайынның күнделікті көп жұмысы осында бітеді. Міне, олардың осы күнге дейін теміржолды кесіп өтіп, халыққа қызмет көрсету орталығына, орталық ауруханаға, білім ошақтары мен балабақшаларға жиі қатынайтыны да сондықтан. Әлбетте күнделікті отарбалар жүйткіп өтетін шойынжолдың үстімен жүру айтарлықтай қауіпті. Бұл мәселені жергілікті халық осыған дейін көтерудің көтерген, алайда шешімін табатын күннің ауылы алыстай берді.

Иә, біз де арғы беттегі ағайын үшін шойынжолдың үстімен өтетін аспалы көпірдің ауадай қажеттігін жергілікті биліктің назарына бірнеше рет салғанбыз. Бірде жобасы дайын болса, қаражат қолбайлау болды, енді бірінде қаражат мәселесі шешілсе, құрылыс материалдары қымбаттап кетті. Не керек, әйтеуір халықтың басты мәселесін шешудің реті табылмады.

Аспалы көпір құрылысы басталды

Осыған дейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың ауданға сапа-



рында жергілікті халық аймақ басшысының назарына да осы мәселені салған. Сол тұста тұрғындар үніне құлақ түрген Нұрлыбек Машбекулы «Біз үшін адамның өмірі бәрінен қымбат, сондықтан елдің мәселесін ертеңге қалдырмауға барымды саламын» деген еді, ер екі сөйлемеді. Аймақ басшысының Жалағашқа кешегі сапарында аудан жұртының талап-тілегі ескеріліп, аспалы көпірдің құрылысы басталды.

– Бүгін керемет күнде аспалы көпір құрылысының басталуына сіздермен бірге қатысып тұрғанымна қуаныштымын. Сіздер мұны көптен күттіңіздер. Өткен жылы осы мәсе-

лені көтерген едіңіздер. Біз бұған облыстық бюджеттен 328 млн теңге қаражат бөліп, бүгін құрылысын бастағалы тұрмыз. Жыл аяғына дейін сіздердің игіліктеріңізге пайдалануға беріледі деп сенемін. Өздеріңіз күнде теледидардан, әлеуметтік желілерден оқып, естіп-біліп жүрсіздер. Соңғы жобалар жүзеге асуда. Оның барлығы Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауының арқасында жүзеге асып жатыр. Осындай қолдаудың арқасында өріптестерімізбен бірге өңірді өркендетуге жұмыс жасаймыз. Биыл үлкен саяси шаралар өтті. Барлығына сіздер үлкен қолдау жаса-

дыңыздар. Мемлекет басшысын және оның жаңа саяси реформаларын қолдайдыңыздар. Үлкен бірліктің үлгісін ризашылығымызды білдіреміз. Алдағы уақытта сіздердің сенімдеріңізден шығуға өріптестерімізбен бірге барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз. Бүгінгі жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысының басталуы сіздерге құтты болсын. 5-6 айдың ішінде ел игілігіне пайдалануға табыстаймыз. Жалағаш ауданы өсіп өркендей берсін. Облысымыздың өркендеуіне үлкен үлесін қоса берсін, – деді аймақ басшысы.

ЖАЛҒАСЫ 2,3-БЕТТЕ.

Қабылдау

Қазақ қоғамының қиын кезеңдерінде әйелдер қауымының ел үшін сіңірген еңбегі зор. Тарихтан белгілі батыр қыз-келіншектері ерлігінің өзі – көпке үлгі. Ал қазақтың маңдайына біткен атамекенді иелік ететін, қоғамға пайдалы азамат тәрбиелеуде аналардың рөлі зор. Әрбір отбасындағы береке, бірлік, татулық анандан бастау алады. Ал әр шаңырақта береке болса, елде тыныштық орнайтыны анық.

Ауданда өмірге ұрпақ әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіруге үлгі-өнеге болып жүрген алтынқұрсақты аналар да жеткілікті. Бүгінде мыңнан аса көпбалалы ана бар. Олардың әрқайсысы қоғамға пайдалы, саналы ұрпақ тәрбиелеуде аянбай тер төгіп келеді. Жалағаш ауданында үш жүзге жуық «Алтын алқа» және алты жүздей «Күміс алқа» иегері бар. Оның ішінде 44 ана І және ІІ дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталса, 40 ана Көкестер одағының «Батыр ана» атағына ие болған.

Жалпы, алтынқұрсақты аналарға жылдың қай мезгілінде құрмет көрсетсек те артық етпейді. Дүниенің құрметіміз, адамзаттың ардақ тұтар асылы, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аяулы жаң, тіршіліктің бастауы аналар қауымы барлық жақсылыққа лайық. Апта басында отбасы күніне орай аудан әкімі Асқарбек Есжанов әр жылдары «Мерейлі отбасы» атанған үлгілі отбасылар мен көпбалалы аналарды қабылдап, сый-құрмет көрсетті.

– Қазақ халқы үшін отбасы – қасиетті ұғым, қастерлі құндылық. Отбасының бірлігі – Отанның беріктігі, ағайынның татулығы, атамекеннің тұтастығы, ұлттық тәрбиенің, адамгершілік пен имандылықтың бастау бұлағы. Сондықтан біз отбасы күнін атап өтіп қана қоймай, отбасындағы құндылықтарды, тағылымды тәрбиемізді, салт-дәстүрлерімізді де ұрпақ жадына сіңіруге тырысамыз. Қазақта «Бір қозы туса, бір жусан артық шығады»



Аналар құрмет төрінде

дейді. Жылдан-жылға еліміздің демографиялық ахуалын жақсартуға қосқан сүбелі үлестеріңіз үшін алғыс білдіреміз. Өсіріп отырған ұл-қыздарыңыз еліміздің нағыз патриоты боларына сенімдіміз мол. Ана бар жерде өмір бар, тіршілік бар, мейірім бар. Әрбір алтынқұрсақты ана – мемлекеттің ертеңгі тәрбиелеп отырған ардақты жан. Баршаңызға мықты денсаулық, мызғымас береке-бірлік тілеймін. Отбасыларыңыздың ұйытқысы болып, аяулы жар, ақжаулықты әже атаныңыздар, – деген аудан басшысы Асқарбек Темірбекулы бүгінгі қоғамда да аналардың алатын орны ерекше екенін атап өтті.

Иә, қашанда қазақ әйелі ерекше құрметке лайық. Бүгінге дейін ана деген ардақ атты арқалап жүрген незікжандылар қоғамда орнын қалыптастырып, ерлермен қатар елісіне де араласып келеді.

Мұнан бөлек аудан әкімі елімізде отбасы құндылықтары мен қазақ үшін қашан да киелі саналатын бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңыздылығын насихаттауда орны ерекше тағылымды шара – «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы екенін жеткізді. Расымен отбасы құндылығын ұлықтап, салт-дәстүрлерімізді дәріптейтін, көптің алдында тек өнегелі өмір жолымен үлгі бола білген аудандағы мерейлі отбасылардың қатары жыл санап артып келеді. Сонау 2014 жылдан бері

дәстүрлі түрде жалғасын тауып келе жатқан «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына ауданнан 73 отбасы өтінім беріп, оның облыстық кезеңіне 22-сі жолдана алған. Байқаудың облыстық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша 2016 жылы Мәдениет ауылынан Мұстафаевтар отбасы І орын, Жалағаш кентінен Сүлейменовтер отбасы ІІ орын, 2017 жылы Аққыр ауылынан Фаниевтар отбасы І дәрежелі дипломмен марапатталып, «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының Астана қаласында өткізілетін республикалық кезеңіне жолдана алса, Бұқарбай батыр ауылынан Нұрмағанбетовтер отбасы ІІІ орын иеленген еді. Сондай-ақ 2018 жылы Мәдениет ауылынан Токсановтар отбасы ІІ орынмен, 2019 жылы Бұқарбай батыр ауылынан Сәменовтер отбасы «Парасатты отбасы» номинациясымен, 2021 жылы Аққу ауылынан Шауқбаевтар отбасы ІІІ орынмен, 2022 жылы Аққыр ауылынан Маштаевтар отбасы ІІІ орынмен, Еңбек ауылынан Бекниязовтар отбасы «Берекелі отбасы» номинациясымен және арнайы жүлде қорымен марапатталған.

Иә, «Әрбір отбасы – мемлекеттің алтын дінгеі» десек, ондағы берекелі бірлік, ынтымақты тірлік тек жарасымды жанұяда көрініс беретін құндылықтар. Сол жарасымды жанұяны бір мақсат жолында, бір мүддеге көз тіккен, болашаққа деген

арман-тілегі бір арнада тоғысып, келер күнге бірге қадам жасайтын, өмірлік көзқарастары, адами болмысы ұқсас, таным-түсініктері сәйкес келетін, қысқасы бірін-бірі толықтырып тұратын жандар ғана құрай алады. Барлығы үйлесім тапқан, ері құрметті, әйелі қадірлі отбасында ұятты ұл, ибалы қыз тәрбиеленетіні де даусыз.

Келелі кездесуде алтын күміс алқа иелерінің қатары тағы да толықты. Әр жылдары «Мерейлі отбасы» атанған үлгілі шаңырақ иелеріне аудан әкімінің Құттықтауы табысталса, бірқатар алтынқұрсақты анаға алтын күміс алқа табысталып, құрмет көрсетілді. Бұл ретте аудан әкімі А.Есжанов «Бұл ауданымыздағы барлық аналарға көрсетілген көмек деп есептеймін. Жылдан-жылға еліміздің демографиясына өз үлесін қосатын отбасыларымыздың саны көп болсын деп тілейміз. Сонымен қатар біздің аналарымыз бен әрулар тек отбасының ғана ұйытқысы емес, олар – бүкіл қоғамды алға сүйрейтін, елдің бірлігін күшейтетін, берекесін молайтатын аса қуатты қозғаушы күш» десе, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев және бірқатар ардақты аналарымыз ризашылығын білдіріп, батасын берді.

Нұржамилла АЛМАСҚЫЗЫ

ЕЛДІҢ МӘСЕЛЕСІ ЕРТЕҢГЕ



Аймақта ауқымды жобалар қолға алынады

Облыс әкімі мұнан бөлек алдағы уақытта аймақта атқарылатын жобаларды да тілге тиек етті. Аймақ бюджеті 2022 жылы 360 млрд теңге көлемінде бекітілсе, биыл жыл басында облыстық бюджет 520 млрд теңге көлемінде бекітілген. Қазынамыз тағы да 73 млрд теңгеге толығып, қазіргі таңда облыстық бюджет 593 млрд теңгені құрады. Бұл – үлкен қаражат.

– Бұның барлығы – біріншіден, Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауы, одан кейін өздеріңізбен бірлесіп атқарған жұмыстарымыздың нәтижесі. Облыстық бюджет бұрынғыға қарағанда едәуір үлкенді, нәтижесінде қазір көптеген нысан ел игілігіне берілуде. Шағын және орта кәсіпкерлік те ретімен дамып жатыр. Соның арқасында бюджетіміз ұлғайып, одан түскен қаражат көптен келе жатқан қордаланған өзекті мәселелерді шешуге бағытталуда. Осы қаралған бюджеттің ең негізгі бөлігі, әрине өсірісе білім саласын дамытуға бағытталды. Бюджеттің 45 пайызға жуығы білім саласын дамытуға, балаларды сапалы біліммен қамтамасыз етуге арналған. Ал 44,5 млрд теңгесі облысымызда энергетика саласын дамытуға бағытталды. Өңірдегі құрылыс саласын дамытуға 67 млрд теңге қаралса, жол құрылысын дамытуға 39,5 млрд теңге бөлініп отыр. Соның ішінде Жалағаш ауданы да өзінің тиісті үлесін алып, алдағы уақытта біз осы ауданды дамытуға, одан әрі өркендетуге қолдау көрсететін боламыз, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен ұлттық жоба аясында аймақта алдағы 3 жылда 21 жабыл мектеп салынады. Облыс әкімі оның 10-ы жақын күндері басталатынын жеткізді. Қалғаны жыл аяғында, келер жылы басталады. Бірақ алдағы 3 жылдың ішінде барлығы толығымен халықтың игілігіне беріледі. Бұған қатысты аймақ басшысы жалағаштықтар үшін де жағымды жаңалық болатынын жеткізді. Яғни әлгі 21 жабыл мектептің біреуі Жалағаш ауданында бой көтереді.

– Бұл ерекше мектеп болады, Алматы, Астана қаласындағыдай соңғы құрал-жабдықтармен жабдықталған, қазіргі заман талабына сай ең өдемі үлгілі мектептер болып салынады. Ол біздің білім саласын дамытуға өзіндік үлкен бір серпін береді деген үмітіміз бар. Одан бөлек біз Үкімет басшысы келген кезде облыс орталығынан 400 орындық физика-математика мектебін интернатымен қоса салуды көтерген болатынбыз, оған да «Білімді қолдау қоры» арқылы 8 млрд теңге қаржы бөлініп, қазіргі таңда құрылысы басталды. Бұл тек қаланың ғана емес, өңірдің барлық дарынды балаларына арналған мектеп-интернат болып алдағы уақытта қызмет жасайтын болады. Бұл да білім саласын жаңа биікке көтеруге үлкен мүмкіндік береді деп есептейміз. Одан бөлек қазір Мемлекет басшысының қолдауымен ұлттық жоба аясында 27 медициналық нысан құрылысы жүреді. Оның да Жалағаш ауданында 2-еуі биыл басталып, жыл аяғына дейін ел игілігіне табысталатын болады, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Аймақта биыл жалпы құны 36,5 млрд теңгені құрайтын қасында 100 орындық емханасы, онкологиялық орталығы бар көпсалалы аурухананың құрылысы басталды. Медициналық нысан алдағы 2 жылда пайдалануға беріледі. Бұл да өңірдегі денсаулық сақтау саласын жаңа бір биікке көтеруге үлкен мүмкіндік берері сөзсіз. Аналар орталығының құрылысы да жыл аяғында немесе келер жылдың басында басталады деп күлтелуіміз. Қазір Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес, жобалық-сметалық құжаттары әзірленген. Ол 11 өңірде салынуы тиіс болса, біздің өңірде 12-сі салынатын болады.

– Бұл – өте үлкен жоба. Жобаның жалпы құны 20 млрд теңгеден асады. Бұл да өңірдегі денсаулық сақтау саласын жаңа деңгейге көтереді деген үмітіміз бар. Басқа да салаларға алдағы уақытта ерекше көңіл бөлінеді. Оның ішінде ауылдық елді мекендерді дамытуға, аудан орталықтарын дамытуға ерекше көңіл бөлініп жатыр. Мемлекет басшысы сіздер сайлағаннан кейін бірінші Жарлығы осы ауылдарды көтеруге арналды. Соған байланысты қазір арнайы бағдарламалар қабылданып, көп кешенді жобалар басталуда. «Ауыл аманаты», «Ауыл ел – бесігі» бағдарламалары аясында ауылдарда көптеген жұмыс жасалатын болады. Ауылдарды көгілдір отынмен



Был 32 жоба жүзеге асады

қамту, жол сапасын, электр жүйелерін жаңарту, осындай өзекті мәселелер жақын арада шешімін табады. Қазіргі таңда Жалағашта аудан орталығы көгілдір отынмен тұрақты қамтамасыз етілген. Енді ауылдарға біз жобалар жасап жатырмыз. Биылдың өзінде осындағы екі елді мекенге көгілдір отын кіргізуге облыстық бюджеттен қаражат бөлікті. Алдағы уақытта тағы да республикалық бюджеттен қаражат тарта отырып, қалған елді мекендерді көгілдір отынмен қамтимыз. Бізге барлық мәселені бюджетке артып отыруға болмайды. Біз бюджеттен тыс көздерден де қазір көп қаражат тартып, өткен жылы біраз нысанның құрылысын бастадық, – деді облыс әкімі.

Биыл облыстық бюджеттен 3 млрд 700 млн теңгеге аймақта өнер орталығының құрылысы басталған болатын. Мәдениет саласына тың серпін беретін бұл жоба жыл аяғында ел игілігіне беріледі. Мұнан бөлек Жастар сарайының құрылысы да басталған болатын. Ал 1 млрд 600 млн теңгеге салынып жатқан Неке сарайы ішкі айында пайдалануға беріледі. Биылдың өзінде 10 спорт кешені ауылдарда, аудан орталықтарында салынып жатыр. Одан бөлек облыс орталығында 6 млрд теңгеге жабық үлкен спорт кешені салынады. Ішінде 50 метрлік әлемдік стандарттарға сай жүзу бассейні бар, басқа да керекті қазіргі заманға сай жолдары бар бұл нысандар келер жылы ел игілігіне пайдалануға беріледі.

– Мәдениет және спорт саласында осындай үлкен жетістіктер өңірде болып жатыр. Бюджеттен тыс көздерден «Қорқыт Ата» әуежайының терминалы басталды. Құны 15 млрд теңгені құрайды. Оның өзі елімізге белгілі кәсіпкер, өзіміздің жерлесіміз Болат Өтемуратовтың демеушілігімен салынууда, келесі жылдың мамыры айында ел игілігіне пайдалануға беріледі. Марат Дүйсенбаев деген азаматтың қолдауымен құны 1,5 млрд теңгеге аналар үйінің құрылысы өткен жылы басталған болатын. Оны да ішкіде айында ел игілігіне береміз. Қос нысан да мемлекетке сыйға тартылды. Балалар жылы аясында 80 спорт ойын алаңы салынды. Оған біздің жергілікті кәсіпкерлеріміз 1 млрд 600 млн теңге қаражат жұмсады. Жаңа жобалар дайындауда да біздің жергілікті кәсіпкерлеріміз үлкен қолдау білдіріп, 2 млрд теңгені жобасын жасадық. Оған 55 млрд теңгені құрайтын жоба дайындалып, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Биыл да жергілікті кәсіпкерлер демеушілік жасап жатыр. Жаңа жобалар дайындауда, басқа да осындай ғимараттарды, көпқабатты үйлерді қайта жаңғыртуға ауаларды дайындауға, парк, аллеялар салуға үлкен көмек жасап жатыр. Өткен жылы жеке кәсіпкердің қолдауымен Жаңақорған ауданында 750 млн теңгеге жастар паркі ашылды. «Абзал ИК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қолдауымен Нағи Ильясов ауылында Еңбек паркі салынды. Биыл да сол жұмыстар жалғасып жатыр. Қызылорда қаласындағы орталық алаңды қайта жаңғыртуға жерлесіміз Асхат Әубәкіров 1 млрд теңгеден астам қаражат бөлді. Оның құрылысы жақын күндері басталады. Осындай көптеген жерлесіміз елдің дамуына өздерінің үлкен үлесін қосып жатыр, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі кәсіпкерлік саласын дамытуға да мемлекет тарапынан ерекше қолдау барын тілге тиек етті. Кәсіп ашамай, іс бастаймын деген азаматтарды түрлі мемлекеттік бағдарламалар қолдауға дайын екенін жасырмады.

– Өндіріске де қазір көңіл бөліп жатырмыз. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға да ерекше көңіл бөлінетін болады. Биыл негізінен осындай үлкен әлеуметтік нысандар халықтың сұранысына сәйкес салынды. Көп қаражат оған бағытталды. Енді алдағы уақытта ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы саласын, шағын және орта кәсіпкерлікті, өндірісті дамытуға негізгі қаражаттар бағытталатын болады. Қазірдің өзінде кәсіп ашамай деген азаматтар болса, біз қолдауға дайынбыз. «Байқоңыр әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы», басқа да қаржы институттары бар, екінші деңгейдегі банктер бар, солар арқылы да біз азаматтардың жобасын сүйемелдеп, әрі қарай арзан пайызбен несие алып беруге, көмектесуге әрқыз даяр екенімізді барлық кездесулерде айтып жүрміз. Алдағы уақытта біз соған үлкен көңіл бөлетін боламыз, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі мұнан бөлек биыл аймақта жол құрылысы қарқын алатынын жеткізді. Алдағы уақытта «Батыс-қытай Батыс-Еуропа» жолын кеңейту жоспары бар екен. Үкімет басшысы министрлікке тапсырма беріп, қазіргі таңда бұған қатысты арнайы жоба жасалып жатыр. Ал қазіргі таңда «Жезқазған-Қызылорда» жолы қарқынды жүреді. Жезқазғанға дейін 200 шақырымды құрайды. Биыл оның 140 шақырымы жөнделіп, елдің игілігіне беріледі. Ал қалғаны келер жылы толығымен аяқталады.

Қазір тұрғындардың ең өзекті мәселесінің бірі – электр жарығы. Алдағы уақытта бұл мәселе де түбегейлі шешімін таппақ. Себебі облыста үлкен жылу электр орталығының құрылысы басталды. Жобаның жалпы құны 215 млрд теңгені құрайды. Бұл бір жағынан Қызылорда қаласын толық жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қызылорда қаласын жылы сумен қамтамасыз ету де жылы арада жүзеге асады. Биылдың өзінде 153 үй жылы сумен қамтамасыз етіледі. Аймақ басшысы алдағы жылдары бұған қатысты үлкен жоба жасалатынын айтады.

Жыныда ішкі істер саласының ардагері, аудан тұрғыны Базарбай Ержанов халықтың түйткілді мәселесін назарға алған аймақ басшысына ризашылығын білдірді.

– Осыған дейін ауданда сапарыңызда халықпен кездесуде мен де болдым. Сол тұста осы мәселені барлығымыз сіздің назарыңызға салып, облыста сұрағанбыз. Сіз мейлінше мәселені шешіміне жұмыс жасайтыныңызды айтқаныңыз. Бүгін соның нәтижесін көріп отырмыз. Аудан жұртының талап-тілегі ескерілгеніне қуаныштымыз. Аймақта атқарылған әлі де жасалатын жұмыстарды айтып өттіңіз. Барлығының сәтін жүзеге асып, облыстың дамуына тілқимыз. Сіз айтып отырған жобалардың ел ішіндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталғанын көрініп тұр. Алдағы уақытта жол сапасын жақсартып, электр желілері жаңғыртылып, халықтың басқа да өзекті мәселелері шешімін табатынына сенім мол, – деді аудан ардагері.



энергия, күріш, тыңайтқыш өндіру және әскери киімдер тігу есебінен орындалған. Өңдеу өнеркәсібі де 2,4 есеге артып, 4 млрд 846 млн теңгені өнімі өндірілген. Ал негізгі капиталға тартылған инвестицияның көлемі 5 млрд 966 млн теңгені құрап, 5,6 есеге артқан.

Аграрлық ауданда ауыл шаруашылығы саласының дамуы да заңдылық. Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2,2 млрд теңгеге орындалып, өсім 101,9 пайызға жеткен. Бұл көрсеткіш мал шаруашылығы, оның ішінде ет өндіру, сүт өндіру және жұмыртқа өндірудің есебінен орындалған.

– Бөлшек сауда айналымының көлемі 853 млн теңгені құрап, 105,1 пайызға орындалды. Аудандағы дәрханалар, газ бен жанармай құю бекеттері және ірі сауда орталықтары тапсырған. Құрылыс жұмыстарының көлемі 1,8 млрд теңгеге орындалып, 174,3 пайызды құрады. «Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасының» 2 кезеңінің құрылыс жұмыстары жүргізілуі есебінен артып отыр. Ауданның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің орындалуы тұрақты бақылауда, – деді Асқарбек Темірбекулы.

Ауданның қаржы-салық саясатына келсек, 2023 жылы аудан бюджеті 9,2 млрд теңгеге болып бекітілген. Бүгінде нақтыланған аудан бюджеті жыл басында бекітілген бюджетпен салыстырғанда 1,1 млрд теңгеге ұлғайып, 10,3 млрд теңгені құрап отыр. Оның ішінде жергілікті кірістер – 2 млрд 66 млн субвенция көлемі – 3,7 млрд, жоғары тұрған бюджеттен берілген трансферттер – 4 млрд, бюджеттік несиелер – 139,7 млн теңге.

Былтыр аудан әкімі барлық елді мекенді аралап, тұрғындармен жүздесіп, халықтың талап-тілегін тыңдап, ауданды одан әрі дамыту мақсатында «Жалағаш ауданының дамытуының 2023-2025 жылдарға арналған перспективалық іс-шара жоспары» әзірленіп, бекітілгенін тілге тиек етті. Онда ел ішіндегі өзекті мәселелерді қамтылғанын жақсы білеміз. Іс-шара жоспарына елді мекендерде іске асырылатын жұмыс құны 17,6 млрд теңгені құрайтын 120 жоба енгізілген. Оның ішінде биылғы жылдың еңшілсінде 32, 2024 жылға 42, 2025 жылға 46 жоба бар. 120 жобаның 12-сі білім саласына бағытталған. Жалпы құны 2 млрд 30,2 млн теңгені құрайды.

Мәдениет саласы бойынша жалпы құны 648,5 млн теңгенің 9 жобасы бар. Ал жетеуі спорт саласына бағытталса, денсаулық сақтау саласы бойынша да 7 жоба қолға алынған. Мұнан бөлек тұрғын үймен қамту бойынша 4, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым бойынша 9, газбен қамту бойынша 12, электр жарығымен қамту бойынша 10, жолдарды және ішкі көшелерді жөндеуге қатысты 39, көпірлер саласын жақсарту бойынша 5, абаттандыру шеңберінде 1 және басқа да 4 жоба дайындалған.

Ауданда перспективалық іс-шара жоспары аясында биыл бюджет есебінен 32 жобаны іске асыруға 4,8 млрд теңге бөлінген. Тиісті қаражаттың 3,1 млрд теңгесі облыстық бюджеттен 1,6 млрд теңгесі ел тайқазанынан қаралса, 111,8 млн теңгесі жергілікті бюджеттің үлесінде.

Айта кетейік, биыл ауданда жол құрылысы қарқын алады. Жолдар мен ішкі көшелерді жөндеу бойынша 8 жоба дайындалып, оған облыс қазынасынан 2,2 млрд теңге қаралған. Оның 924,6 млн теңгесіне Есет батыр-Жаңадария, Жаңаталап-Аққыр бағыттарындағы және Ақсу ауылына кіреберіс аудандық маңыздағы автомобиль жолдары жөндеуден өтеді. Ал 1,3 млрд теңгеге Жалағаш кенті мен 4 ауылдық елді мекендегі 16 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Ақсу елді мекеніне кіреберіс автомобиль жолын орташа жөндеуге 73,3 млн теңге қаралған. Ал Жаңаталап-Аққыр елді мекендегі бағытындағы автомобиль жолын күрделі жөндеуге 655,3 млн теңге бөлінген. Бүгінде бұл жұмыстар басталып кетті.

Есет батыр-Жаңадария бағытындағы автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары өткен жылы басталған. Биыл оның құрылысы аяқталады. Бұл мақсатқа 196,1 млн теңге бөлініп отыр. Ал Жалағаш кентіндегі Мәріш Шәменов көшесін күрделі жөндеуге 285,3 млн, мұнан бөлек 10 көшені күрделі жөндеуге 749,7 млн теңге қаралып отыр. Бұл жобалар да бүгінде жүзеге асуда. Ауылдық елді мекендерге келсек, Аққұм ауылындағы Аққұм көшесін күрделі жөндеуге 55,5 млн, Мәріш Шәменов ауылындағы Бұқарбай батыр көшесін күрделі жөндеуге 54,2 млн және Бұқарбай батыр ауылындағы А.Құнанбаев, Бұқарбай

батыр, А.Төлеубаева көшелерін орташа жөндеуге 163,9 млн теңге қаралған.

Осыған дейін аудан әкімінің ауылдық елді мекендер халқымен кездесуінде бір-қатар мәселе көтерілген. Соның бірі – аяқ су мәселесі. Жаңаталап пен Қаракеткендегі ағайын бақша салуға аяқ судың тапшылығы қолбайлау болғанын Асқарбек Темірбекулының назарына салған еді. Қос елді мекенді аяқ сумен қамту үшін техникалық су ұңғымасын бұрғылау жұмыстарына облыстық бюджеттен 82,6 млн теңге бөлініп, бүгінде 5 техникалық су ұңғымасын бұрғылау жұмыстары жүргізілуде.

Биыл облыстық бюджеттен Ақсу және Мәріш Шәменов елді мекендерінде газ желісін тарту жұмыстарын бастауға 40 млн теңге қаралған. Асқарбек Есжанов қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүріп жатқанын айтады. Сонымен қатар әлеуметтік нысандардың жылу жүйелерін табиғи газға ауыстыруға «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында республикалық бюджеттен 25,5 млн теңге бөлінген. Тиісті қаражатқа «Наркескен» спорт клубы мен аудандық кітапхана ғимараттарының жылу қазандықтары газға ауыстырылады. Қазіргі таңда мердігер мекеме «Компания Газ-Строй» ЖШС құрылыс жұмыстарын бастап кетті.

Елді мекендердегі инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға 965,1 млн теңге қаралған. Бұл қаржыға жаңадан ашылып жатқан «Ақтерек» учаскесіне су және газ желілері тартылып, Ақсу, Қаракеткен елді мекендерінде электр желілері қайта жаңғыртылады. Сондай-ақ Аққұм, Мәдениет елді мекендерінің ауыз су желілері кеңейтіледі.

Денсаулық сақтау саласы бойынша облыстық құрылыс басқармасы арқылы Есет батыр ауылынан 366,9 млн, Мырзабай ахун ауылынан 385,9 млн теңгеге дәрігерлік амбулатория құрылысы жүргізіледі. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүріп жатыр. Бұл жобалар да елдің талап-тілегін орындауға негізделген. Аудан әкімі бұдан бөлек Қаракеткен елді мекенінде дәрігерлік амбулатория құрылысы үшін ЖСҚ әзірленіп жатқанын айтады.

ҚР Ұлттық қоры есебінен халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 50 тұрғын үй сатып алуға 480 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Яғни ауданда тағы да 50 отбасы баспаналы болады. Аудан әкімі мұнан бөлек елді мекендерде абаттандыру бойынша жүзеге асатын жұмыстарды да кеңінен тарқатты.

– Аудандық бюджеттен абаттандыру жұмыстарын жүргізу үшін 7 жобаға 111,8 млн теңге қаралды. Бұл қаржыға Мақпалкөл ауылдық округіндегі Т.Жүргенов атындағы саябақтың абаттандыру, Жаңақоныс, Мақпалкөл Далдабай елді мекендерінде балалар ойын алаңдарын жөндеу, Жаңадария ауылынан жаңа балалар ойын алаңын салу, Жалағаш кенті және Мақпалкөл ауылындағы көшелерге тас төсеу жұмыстары жүргізілетін болады. Сонымен қатар Жалағаш кентінің кіреберісі, орталық алаң және ішкі көшелеріне абаттандыру, елді мекендерде «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы тұрмыстық қатты қалдықтарды тастайтын полигонды қоршау, аяқ су келтіру, насос сатып алу жұмыстары жүргізіледі. Елді мекендердегі учаскелік полиция инспекторларын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында биыл аудандық бюджеттен 40 млн теңге бөлінді. Тиісті қаражатқа 10 елді мекеннен тұрғын үй табысталады. Бұл жобалар жыл аяғына дейін толық іске қосылады, – деді ол.

Бұдан бөлек ауданда жалпы құны 13,1 млрд теңгені құрайтын 34 нысанның жоба-сметалық құжаттары дайындалып, республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландыруға тиісті салалық басқармаларға бюджеттік өтінім тапсырылған. Оның ішінде жол құрылысы бойынша 11, білім саласына қатысты 3, газбен қамту бойынша 5, жарықтандыру бойынша 1, қорғаныс саласында 2, абаттандыру шеңберінде 1, көріз жүйесі бойынша 1, тұрғын үй құрылысы шеңберінде 1, көпөңірлі тұрғын үйді жөндеу бойынша 2, мәдениет саласында 2 және басқа да салалар бойынша бірнеше жоба бар. Ал алдағы жылдары іске асыру үшін 26 нысанның жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге 110 млн теңге бөлініп, жобалау жұмыстары жүреді. Егер олар да қолдау тапса, ауданда алдағы жылы да ішкі жолдарды жөндеу, газбен қамту, көпірді қайта жаңғырту, ауыз су желісін кеңейту, жарықтандыру жұмыстары қарқын алатыны анық.

ҚАЛМАЙДЫ



Жыл сайын жергілікті тұрғындардың өздерін бақша дақылдарымен қамтамасыз ету үшін әкімдік соңғы жылдары жемісті жобаны қолға алды. Яғни тұрғындарға жер ашып беріп, олардың егін егуіне жағдай жасауда. Бұл ретте әкімдік жер ашып, оған аяқ су жеткізіп, тіпті бақшалық жерді қоршап береді. Тұрғындар тек бақша салып, соның күтіміне ғана жауапты болмақ. Ол үшін бақша салған азаматтардан ешқандай қаражат жиналмайды. Барлығын жергілікті әкімдік өзі қамтамасыз етіп отыр. Қуантарлығы, жергілікті шаруашылықтар да бұл бастамаға қолдау білдіруде. Асқарбек Темірбекулы бұл бағытта биыл да бірқатар жұмыс қолға алынатынын жеткізіп, тұрғындардың бақша салуына жағдай жасалатынын тілге тиек етті.

— Өзіңіздің тапсырмаңызға сәйкес, ауданда азық-түлік бағаларын тұрақтандыру мақсатында картоп және басқа да бақша дақылдарын орналастыруға шаруашылықтардың демеушілігімен жаңадан 500 гектар жер дайындалды. Оның 235 гектарына картоп, 265 гектарына басқа да бақша дақылдары орналас-тырылады. Жаңадан ашылған жер 610 отбасыға үлестіріледі, — деді аудан басшысы.

Жынында кәсіпкерлік саласын дамыту бойынша атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер де назардан тыс қалмады. Биыл 4 айда кәсіпкерлікті дамытуға арналған бағдарламалар аясында барлық қаржыландыру көздерінен 914,8 млн теңгеге 57 жоба қаржыландырылды. Нәтижесінде 69 адам жұмыспен қамтылды. Тарқатып айтсақ, «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында екінші деңгейлі банк арқылы несенің пайыздық үстемасын субсидиялау бойынша 2 жоба 115,7 млн теңгеге қаржыландырылды. Ал «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы 16 жоба авторына жалпы құны 74,2 млн теңге үлестірілген. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 28 жоба 273,5 млн теңгеге қаржыландырылса, «Агробизнес» бағдарламасы аясында «Ауыл» несие серіктестігі» ЖШС арқылы 9 жоба 434,9 млн теңге қаржылай қолдау тапқан.

— Мұнан бөлек «ҚазАгроҚаржы» АҚ және «Ком-ТрансЛизинг» ЖШС арқылы 2 жоба 16,5 млн теңгеге қаржыландырылып, ауыл шаруашылығы техника-лары лизингке алынды. Жыл көлемінде мемлекеттік бағдарламалар арқылы және жеке қаражат есебінен жалпы құны 1 млрд 579 млн теңгені құрайтын 21 жобаны іске асырып, 95 адамды жұмыспен қамту жоспарланyp отыр. Қазіргі таңда аталған жобалардан жалпы құны 365 млн теңгені құрайтын 7 жоба іске қосылып, 46 адам жұмыспен қамтылды. Сонымен қатар кәсіпкерлік саласын дамыту және инвестор тарту бағыттары бойынша бірқатар жұмыс атқарылуда. 2017 жылдан бастап тоқтатылған «БИС-Групп» ЖШС-ның мия тамырын өңдеу зауыты қайта іске қосылып, тәулігіне 1,5 тонна мия тамырының сығындысынан тәтті ұнтақ шығаруға. Өндірілген өнім кондитерлік өнімдер, порфюмерия, темекі өнімдерінің тәтті суындар шығаруға кеңінен пайдаланылады. Бүгінде зауытта 31 адам тұрақты жұмыспен қамтылған, әлі де қосымша 30 адам жұмысқа алынады. Сондай-ақ құны 500 млн теңгеден кем болмайтын 1 жобаны іске асыру жөніндегі тапсырмаңызға сәйкес, биыл өңдеу өнеркәсібіне бағытталған инвестициялық жобалар пұлы аясында Аққум ауылынан «Бағдаулет-57» фермерлік қожалығының 100 басқа арналған тауарлы сүт фермасын іске қосу жоспарланып отыр, жоба құны — 530 млн теңге. Қазіргі таңда сүт фермасының негізгі ғимараттары салынған. Жобаны аяқтау үшін 250 млн теңге несие алу мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға құжаттар ұсынылды. Бұдан бөлек Жаңаталап ауылдық округінен жалпы құны 91 млн теңгені құрайтын 3000 басқа арналған тауық фермасының құрылысын бастау жоспарда бар, — деді аудан әкімі.

Ауданда «Ауыл Аманаты» жобасын іске асыру жұмыстары да өз деңгейінде жүргізілуде. Асқарбек Есжанов жоба аясында жалпы құны 2 млрд теңгені құрайтын 409 жоба жүзеге асатынын жеткізді. Бүгінде қаржыландыру үшін құны 677,5 млн теңгені құрайтын 110 жобаның құжаты өзір.

Негізінен «Ауыл аманаты» жобасымен қаржылай қолдауға тек тіректі елді мекен тұрғындары ғана қол жеткізе алатын. Қазір бұл талап алынып тасталды. Сондықтан аймақ басшысы бұл бағытта жобалар дайындауды жеделдету қажеттігін қаперге салды. Мұнан бөлек халықты кәсіп ашуға ынталандыруға ауыл әкімдері жауапкершілікпен қарау қажеттігін де ескертті.

— Ауыл әкімдері бұған үлкен жауапкершілікпен қарауларыңыз керек. Ауылдың халқы, жерлеріңіз жаңа жобаларды жүзеге асырады, ауылды гүлдендіреді деп сіздерге үміт артып отыр. Барлықтарыңыз деп айтудан аулақпын, бірақ кейбіреуіңіз осыны түсініп жүрген жоқсыздар. Көбісіңіз халық сайлады, ешқандай бақылау жоқ деп ойлауларыңыз мүмкін. Бірақ олай болмайды. Атқарылған жұмыстардың барлығына талдау болады. Сондықтан жұмыс жасау керек, — деді облыс әкімі.

Халықтың талап-тілегі бәрінен маңызды

Аймақ басшысы бірқатар ауылдық елді мекен әкімдерінің жұмысын сыға алды. Мәселен «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында ауданда бірқатар жоба қолға

алынса, оның кейбірі халыққа уақытында пайдалануға берілмеген. Мұндай кемшіліктер Еңбек, Мырзабай ахун және Мәрілі Шәменов ауылдарында орын алған. Тіпті бұл жоба жүзеге асқалы 5 елді мекеннен бірде-бір жоба ұсынылмаған. Олардың қатарында Есет батыр, Темірбек Жүргенов, Жаңаталап, Мәдениет және Жаңақоныс елді мекендері бар.

— Бүгінгі жиының өзіндік салмағы бар. Бағана да айттым, Мемлекет басшысы сайланғаннан кейінгі ең бірінші қол қойған Жарлығы ауылдық елді мекендерді дамытуға қатысты. Халық үніне құлақ асуымыз керек, өзекті мәселесі болса, соның шешіміне жұмыс жасауымыз қажет. Осы жауапкершілікті кейбіріңіз сезінбейсіздер. Ауылда тұрып, ыстығына күйіп, суығына тонып, елмен бірге жұмыс жасаңыздар. Ауыл әкімдері мен ұжымдық полиция инспекторлары ауылда тұрып жұмыс жасауы керек, — деді аймақ басшысы.

Жалағаш ауданында жұмыспен қамтуды қажет ететін 700-ге жуық тұрғын бар. Өңірдегі жұмыссыздық мәселесін шешудің тиімді тусы кәсіпкерлік саласын дамыту екенін облыс әкімі тағы да назарға салды. Салада серпін болмаса, мәселе күрделене түсетінін жеткізген Нұрлыбек Машбекулы жұмыссыздықты тусуада бірқатар жобаларды қолға алу қажеттігін назарға салды.

Былытыр аймақта кәсіпкерлік саласын дамытуға 42 млрд теңге қаралған. Оның ішінде Жалағаш ауданына 3,2 млрд теңге тартылған. Облыс әкімі 36 мыңнан астам халқы бар аудан үшін мұны аз деп есептейді. Сондықтан оны көбейту қажеттігін ескертті. Былытыр Аққыр, Жаңадария және Жаңаталап ауылдық округтерінен ешқандай адам мемлекеттік қолдауға ие болмаған. Себебі бұл елді мекендерінде орын алған қылмыстар саны артқан. Бұл оқиқықтардың алдын алуда және алдағы уақытта осындай кем-шіліктерге жол бермеу үшін жауаптыларға тиісті тапсырмалар берілді.

Жынында А.Темірбекулы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағытындағы тиісті жұмыстар әлі де кезең-кезеңімен жүзеге асатынын жеткізсе, облыстық мәслихат депутаты Әмір Шаймағамбетов аудандағы бірқатар мәселелерді көтеріп, оның шешіміне жұмыс жасалса деген ұсынысын ортаға салды. Жыныды қорытындылаған аймақ басшысы бүгін берілген тапсырмалар бойынша атқарылған жұмыстар сарапталатынын тағы да қаперге салды.

Тұрғындар мәселесі ескеріледі

Облыс әкімі мұнан кейін жұмыс сапары кезінде аудан халқымен кездесіп, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға барлығы 60-тан астам азамат келіп, өтініш-тілектерін жеткізді. Тұрғындар баспананаға мұқтаждық, денсаулық, білім салаларына қатысты, жұмысқа орналасу бойынша мәселелер көтерді.

Аймақ басшысы қабылдауға келген кісілердің мәселесі бойынша жауапты тұлғаларға тиісті тапсыр-малар берді. Өрбір сауалдың туындау себеп-салдарын мамандар жан-жақты зерттеп, жауабы нақтыланады. Шешімі заң аясында қарастырылады.

Құқық қорғау органдары басшыларының қабыл-дауына келген азаматтардың да мәселелері тыңдалды. Олардың ерқайсысына қойған сауалының заңдық негізі түсіндірілді.

Қабылдауға келген аналардың тұрғын үй мәселесі бойынша өтініштері оң шешімін тапты. Олар жаңа кәсіп атуға көмектескені үшін аймақ басшысына және аудан әкіміне алғыс білдірді. Сондай-ақ аудан тұрғыны Еркінбай Ақшабаев әлеуметтік осал топ санаты бойынша тұрғын үй кезегінде тұрғанын айтты. Облыс әкімі кезектілікті сақтай отырып, баспана алуға жәрдемдесетінін жеткізді.

Жалпы, аймақта, оның ішінде Жалағаш ауданында биыл құрылу жоба қолға алынады. Қуантарлығы, оның барлығы елдің талап-тілегінен туындаған мәселелерді шешуге негізделген. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының облыста қарқынды жүзеге асып жатқанын осыдан-ақ аңғару қиын емес. Бір ғана Жалағаш ауданының өзінде Асқарбек Есжановтың халықпен кездесуінде көтерілген мәселелердің басым бөлігі биыл жүзеге асқалы тұр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ
Жандос ЖАЗКЕН

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Мемлекеттің 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында ұзақмерзімді басымдықтардың бірі — кәсіби мемлекетті құру. Қазақстанның алдында тұрған стратегиялық міндеттердің сапалы іске асырылуы, қай саланың болсын дамуы мемлекеттік қызметтің кәсіптілігіне негізделеді. Бүгінде елімізде мемлекеттік қызмет аппараттарының кәсіби біліктілігіне, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік келбетіне зор мән берілуде. Оның нақты дәлелі 2016 жылы күшіне енген «ҚР Мемлекеттік қызметі туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдардың және мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің қабылдануы болып табылады.

Әдеп кодексі — тәртіп тұғыры

Біз сөз етіп отырған Әдеп кодексі халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Яғни бұған қарап біз бұрынғыға қарағанда мемлекеттік қызметшілерге қойылар талаптардың күшейгенін байқаймыз. Мемлекеттік қызметшінің моральдық бет-бейнесі мен әдебіне айрықша көңіл бөлінуінің астарында оның іскерлігі ғана емес, айналасындағыларға құрметі мен ізеті де сараланады. Себебі ол халықтың алдындағы тұлға болғандықтан оның әрбір айтқан сөзі мен іс-қимылы ел жіті бақылау отырады, үнемі ой таразысынан өткізеді. Ел үшін аябай жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші қашанда сыйлы, басшылыққа қадірлі.

Мемлекеттік қызметші ерқашан Әдеп кодексінің талаптарын естен шығармағаны абзал. Себебі жоғарыда атап өткеніміздей, бұқара олардан үлгі алады, соларға қарап бой түзейді, сөз түзейді. «Езі жақсы адамға, мың кісілік орын бар» дегендей, құрметтеп төбелеріне көтереді. Тіпті мемлекеттік қызметшінің ішкен-жегені де, киім киісі де әдептіліктің ауылынан ұзамағаны жөн. Көпшілік ортада өзін дұрыс ұстамау мемлекеттік қызметшіге үлкен сын болмақ. Сондықтан олар бұл тұрғыда үлкен жауапкершілік танытып, әрдайым өз-өзіне есеп беруі қажет. Бұл жөнінде Әдеп кодексінде жан-жақты айтылған.

Әр мемлекеттік қызметші аталған кодексте айтылғандарды басшылыққа алғаны абзал. Мәселен, кодексте мемлекеттік қызметшінің жалпы мінез-құлқына қойылатын талаптары халықтың бірігіп мен елдегі ұлт-аралық келісімді нығайтуға, адал, әділ қаралаймы болуы, үнемі біліктілігін арттыруы,



шектеуліктерді қатаң сақтауы, қоғам тарапынан сыға ілікпеуі, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауы, іскерлік әдепті сақтауы, мемлекеттің мүлкі, автокөлік құралдарын қоса алғанда тек қызметтік мақсатта пайдалануы тиіс деп нақты белгіленген.

Аталған заңның «Қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарты» атты үшінші бөлімінде мемлекеттік қызметшілер жұмыстан тыс уақытта қарапайым болуы, қоғамда белгіленген жалпы моральдық-әдептілік норма-ларын сақтауы, заңнама талаптарын бұзбауы қажет деп көрсетілген.

Бұдан басқа қызметтік қарым-қатынастардағы мінез-құлық стандарттарында өріптестердің бір-бірімен қарым-қатынас жа-сауына, басшылардың қарама-ғындағы қызметшілермен және төмен тұрған лауазымдағы қыз-метшілердің басшылармен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар айқындалған. Яғни олардың өзара қарым-қатынас жасауы іскерлік негізде жүзеге асырылып, ұжымда өріптестер бір-бірінің ар-намысы мен абы-ройына зиян келтіретін ақпарат таратпауы тиіс делінсе, басшы

қол астындағы қызметшілер үшін барлық адамгершілік қасиет-тердің үлгісіне айналуды, оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлауға жол бермеуі және қызметтен тыс мәселелерін шешу кезінде өзінің қызметтік жағдайын пайда-ланбауы тиіс делінген. Сондықтан мемлекеттік қызметте биік белесті бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексі мен «ҚР мемлекеттік қызметі туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары талаптарын мұқият сақтап, еліміздің өркен-деуіне зор үлес қосудымыз қажет.

Бұл заңдар мемлекеттік қыз-метшінің жұмыс пен тұрмыс-тағы жүріс-тұрысын реттейді. Мемлекеттік қызметші өзінің білік-тілігі мен білімінің арқасында елге қызмет етумен қатар белгіленген әдептілік нормаларын сақтай отырып, тек қызмет барысында ғана емес, барша азаматқа үлгі болуы арқылы мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға үлес қосуы керек.

Г.КАСЫМОВА,
аудандық қазынашылық басқармасының
бас маман-бас қазынашы

Сарапшылар кепілмүлік құнын көтеруге көмектесті

Облыстық кәсіпкерлер палатасы сарапшыларының араласуымен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ ауылдық елді мекендердегі кепілмүлікті бағалау құнын көтерді. Кәсіпкерлік мақсатта берілетін несенің басты талабы міндетті түрде кепілмүлік болуы керек. Түрлі алаңнан түскен ұсыныстарды ескеріп, жыл басында облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздықов «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на осы мәселені көтеріп, хат жолдаған болатын.

Хатта облыстың ауыл шаруашылық тауар өндірушілері «ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба» аясында берілетін шағын несилерді алу барысында жиі кездесетін кедер-гілердің бірі кепіл және кепілмүлікті бағалау мәселесі айтылған. Сондай-ақ «Аграрлық несие корпорация-сының» мүлікті бағалауы нарық құнына мүлдем сәйкес келмейтіні баяндалған. Мәселені шешу үшін Кәсіпкерлер палатасы өр ауылдық округ пен аудандардан нақты на-рықтық бағаларды жинақтап, баға нұсқаулығын қайта әзірлеуді ұсынды.

Кәсіпкерлер палатасының сү-рауына қаңтарда «Аграрлық несие

корпорациясы» құнды төмендеткен тәуелсіз бағалаушылардың есеп-терін жеке тәртіппен қарастыру-мын айтып, быдан бастап мүлікті сатып алу-сату нарығында қалыптасқан бағаларға сәйкес, ке-пілмүліктің құнын айқындаудың автоматтандырылған жүйесін енгі-зуді жоспарлап отырғанын жеткізді.

«Бұл іс-шаралар жылжымайтын мүлікті сату бойынша ұсыныстардың шамамен 80-90 пайызын қамтитын «Қрыша.kz» маркетплейсімен кор-порация кепілдерді есептеу бағдар-ламаларын біріктіру жолымен жүр-гізілетін болады. Осылайша кепіл ретінде ұсынуға арналған мүлік құнын анықтаудың әділ тәсілі, бизнес-қоғамдастық көтеріп отыр-ған кепілді қамтамасыз ету құнын

төмендету мәселесін жояды» делін-ген жауап хатта.

Жақында кәсіпкерлер үшін жағымды жаңалық келді. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мамыр-дың 15-нен бастап жаңа баға нұс-қаулығын ұсынды. Нұсқаулыққа сай ауылдық елді мекендердегі жылжымайтын мүліктің бір шаршы метрінің құны 30 пайыздан 100 пайызға дейін көтерілген. Тіпті бұ-рын жылжымайтын мүлкі мүлдем қабылданбай келген елді мекен-дердің де мүлкі бағалана бастайды.

— Бұл — өте жақсы қолдау. Мысалы, Қазалы ауданына қарасты Әйтеке би кентіндегі жылжымайтын мүліктің бір шаршы метрі бұрын 49 мың теңгеден есептелсе, енді 109 мыңға дейін қарастырылды. Осы аудандағы Мұратбаев ауылында бұрын 36 мыңнан бағаланса, енді 64,5 мың теңге болды. Дәл осылай өңірдің 267 елді мекеніндегі жылжымайтын мүлікті бағалау құны өсті, — дейді Кәсіпкерлер палатасы Агроөнеркәсіп кешені бөлімінің басшысы Алма Пірманова.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

2023 жылғы II тоқсанда Жалағаш аудандық мәдениет және спорт бөлімі басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Қалыбаев Шарабан Мақсұтұлы	«Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы	Сәрсенбі күні Сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін	Апта сайын

Хабарландыру

«Халық заңгері» жалпыреспубликалық акциясы Қазақстанның барлық ірі қалаларында әзірленуде. «28 мамыр күні жергілікті уақытпен сағат 16: 00-де Қазақстанның барлық ірі қалаларында «Халық заңгері» деп хабарлайды (БАҚ атауы). Акцияның мақсаты - халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заң жөнінен көмек көрсету. Кез келген азамат еліміздің заң қоғамдастығындағы ең уәдік өкілдерден тегін

қажетті кеңес ала алады. Олардың арасында белгілі адвокаттар, нотариустар, прокурорлар, тереушілер, сот орындаушылары, мемлекеттік органдардың басшылары және т. б. бар. Акцияны ұйымдастырушылар ҚР Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, зақол. kz желілік басшылығы, «Параграф» ақпараттық жүйесі, мемлекеттік билік органдары және Қазақстанның уәдік заңгерлері мен адвокаттары. «Халық заңгері» акциясын өткізу дәстүрге айналды және қарапайым қазақстандықтар

алғысын білдіруде. 2016-2022 жылдар аралы-ғында акцияға 7000-нан астам уәдік сарапшылар мен мемлекеттік органдардың шешім қабылдау алатын құрметке ие өкілдері қатысты. Құқықтық көмекке жүгінген 150 000-нан астам азамат кеңес алды. Қызылорда қаласы Мекен-жайы бойынша өтеді: Халыққа қызмет көрсету орталығы (ЖҚО), Ф. Мұратбаев көшесі, 2а) Акция форматының Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ ауқымы мен географиясы бойынша өлемде төңдесі жоқ.

4 ДИДАР

Өнері өрелі ұжым

21 МАМЫР – ЕЛІМІЗДЕГІ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ. ЕЛДІҢ РУХАНИ ДАМУЫ МЕН КЕМЕЛДЕНУİNДЕ ЕҢ МАҢЫЗДЫ САЛАНЫҢ БІРІ ДЕ ОСЫ. АУДАННЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДЕ ХАЛЫҚҚА ҮЗДІКСІЗ МАҒЫНАЛЫ ДҮНИЕЛЕРДІ УҒЫНЫП, САЛАҒА СЕРПІН БЕРУДЕ ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК ЕТІП КЕЛЕДІ.

Жалағаш ауданында бүгінде 6 аудандық, 31 ауылдық мәдениет үйі бар. Оның ішінде 7 мәдениет үйі, 9 ауылдық клуб, 18 кітапхана, тарихи-өлкетану музейі, руханият орталығы, Бұқарбай батыр атындағы тарихи үй кешенінің жұмысы үйлесімді деп айтуға толық негіз бар. Бұдан бөлек 4 халықтық ұжым, яғни «Алтын-арай», «Қызғалдақтар» халық ән-би ансамблі, «Халық» театры, «Арай» мәдени үгіт бригадасы аудан тұрғындары үшін жұмыс жасауда. Аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері қай жағынан алсақ та күн демей, түн демей еркез қызметке дайын екенін бойындағы өнермен көрсетіп келеді. Жүйелі түрде атқарылып жатқан жұмыстардың ең бастыларына тоқталар болсақ, биылғы жылдың басты ерекшелігі – мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойын атап өту. Қазақ мәдениетінің, руханиятының дамуына зор үлес қосқан тулғанын есіміз халық жадында сақтап, өнегелі ісін жастарға үлгі ету мақсатында «Түркі әлемінің Төмбірег» атты облыстық ақпарат айтқысы өткізілді.

Сонымен қатар еліміздің бірегей тарихи-мәдени мұрасын, тарихи оқиғалар мен ұлы тулғаларды танымал ететін, ел мәдениеті мен ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін ең тиімді тәсілдердің бірі кино саласы екені белгілі. Осы ретте бұрынғы мәдениет және өнерді дамыту орталығы аудан тұрғындарына Ел тәуелсіздігінің тұғырлы көрінісін ұлықтайтын, имандылық, тәрбиелік маңызы бар қазақстандық патриотизмге үндетін, рухани-мәдени мұраларды насихаттайтын отандық кино туындыларын үлкен экран арқылы көрсетуде көшенді жұмыстар жасады.

Аудандағы мәдениет үйінің бір міндеті – өнерпаздардың шығармашылығын уақыт талабына сай дамытып, оның мән-мағынасына, ерекшелігіне қарай бағыт-бағдар беру, шығармашылық өнердің рөлін арттыру мақсатында жүйелі жұмыстарды жүргізу. Жас таланттарды табу, балалар мен жасөспірімдерге шығармашылық және көркем-эстетикалық білім беру бағытында Жаңаталап ауылдық клубы жанынан жаңадан 2 үйірме, яғни «Көймер» дерді үлгілеу, пішу және тігу», заманауи АРТ-индустрия және Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі жанынан «Балдаурен» балалар драма үйірмелері ашылып, қазіргі таңда мәдениет үйлері мен клуб кәсіпорындарында барлығы 95 үйірме жұмыс жасауда.

Осы ретте ауданда ақын-өнерпаздарды қалайтын келе жатқанын айта кетейік. Руханият орталығы жанынан құрылған «Адырна» жас ақын-өнерпаздарының мүшелері ақын-өнерпаздарында, жыр-мүшәйраларда жүлделі орындар иеленуде. Сондай-ақ Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі жанындағы «Алтын-Арай», «Ту-мар», «Өнерест» би топтары мен Ақсу ауылдық клубы жанынан құрылған «Ән» үйірмесінің өнерпаздары әрдайым жеңіс тұғырынан көрінуде.

Аудандық мәдениет үйі бытыр аудан мәдениетін республикалық мәдени кеністікке ықпалдастыру, насихаттау мақсатында бірқатар жетістікке қол жеткізді. Атап айтқанда, Аққұм ауылдық кітапханасы «Рухани қазына – 2022» республикалық фестивалінде «Үздік ауылдық маңызы бар кітапхана»



номинациясына ие болса, Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінің қызметкері Руслан Бұрабай «Үздік аудандық мәдениет үйі қызметкері» номинациясының жеңімпазы атанды. Қазіргі таңда кітапхана веб-сайтындағы «Өлкетану», «Рухани жаңғыру», «Жаңа түскен кітаптар», «Оқырмандарға қызмет көрсету анықтамалығы» парақшалары да пайдаланушылар игіліне жарап тұр.

Кітапханада құрылған «English club» үйірмесі де қазір үлкен сұранысқа ие. Сонымен бірге ауылдық, аудандық, қалалық, мектептердің және жоғары оқу орындарында кітапханалары арасында өткізілген «Jana Kitaphana – 2022» республикалық онлайн байқауына Мәдениет ауылдық кітапханасы қатысып, «Заманауи кітапхана» номинациясы бойынша «Қазақстан Республикасының үздік кітапханасы» атағына ие болған.

Мәдениет саласының қызметі Мемлекет басшысының Жолдауларына, «Ұлттық рухани жаңғыру» бағдарламасына негізделген. Осы бағытта іске асырылған «Шежірелі Жалағаш», «Дәстүр мен таным», «Сыр тұнған Жалағаш», кітапханаларда оқу сауаттылығын арттыру мақсатында «Оқитын өлке», «Өркениетке бастаған туған өлке», «Кітапхана және жастар», «Жүрек жылуы» жобалары бүгінде өз жалғасын табуда.

Былтыр Балалар жылына орай арнайы бекітілген жоспарға сәйкес ауданда 38 іс-шара өткізілген. Оның ішінде «Сыйластық өлкесі», «Қоянның үйшігі» ертегілері, «Сенбейте – оның еңбегі» атты бүлдіршіндер арасында байқау, Тілеген Бекарыстановтың «Бала батыр» ертегі-мюзиклі, «Кешкі кітапхана әлемі» атты мәдени акция және басқа да балалардың қызығушылығын арттырған ерекше іс-шаралар ұйымдастырылған болатын.

Мәдениет үйлерінің көркемөнерпаздары биылдың өзінде облыстық байқаудан 23, республикалық байқаудан 7, халықаралық байқаудан 7 жүлделі орын иеленген. Осы тұста мәдениет үйі қызметкерлерінің шоқтығы биік десек, артық болмас. Мемлекет басшысының «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, елімізде жаңа мәдениетті және оның жас, дарынды өкілдерін дәріптеуге бағытталған нақты жобалар іске асырылуда. Әрине аудан мәдениеті бұл жобалардан да тыс қалмасы анық. Себебі аудан өнерпаздарының мәдениет пен өнердің жаңашыл бағыттарында жұмыс жасайтынына сенім мол.

Ғасырға жуық тарихы бар Жалағаш жері – талай талантты шыңдаған шежіренің ордасы, мәдени мұраға бай киелі мекен. Қазіргі өзінде ауқымды істер мен игі бастамалар қолға алынған өңірдің дамуы, көркейіп, келбетінің артыуы көрнеу көзге қуаныш сыйлайды. Өнер ұлттың жаны десек, сол өнер тарландары мен майталмандарының басын қосқан мәдениет саласы – руханияттың мәйегі.

Ұлттық өнердің дамуына, өсіп келе жатқан жасампаз ұрпақтың бойына өнер мен рухани күш беретін бірден-бір киелі шаңырақтың бірі – Жалағаш ауданындағы Руханият орталығы. Қазіргі таңда аталған орталықты Ирина Әмірзаққызы басқарады.

Жаңғырған өлеңнің жаңа келбетіне айналған Руханият орталығы 2006 жылдың шілдесі айынан бастап аудан халқына мәдени қызмет көрсетіп келеді. Еліміздің жарқын болашағын сомдайтын жалынды жастардың шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында, мәдени-көпшілік іс-шаралар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, пікірталастар ұйымдастырып, жұмыс жасап келеді.

Орталықта тәуелсіз мемлекетіміздің ұлттық идеологиясын, халқымыздың салт-дәстүрін, салауатты өмір салтын насихаттап, жастарымызды отансүйгіштікке, қазақстандық патриотизмге, ана тілімізді, дінімізді құрметтеуге, салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, осы мақсатта іске асыру жолында «Қазақфильм» киностудиясының ең таңдаулы озық үлгідегі көркемфильм туындылары көрсетілімін ұйымдастыру жолға қойылған. Әр күнін өн мен жырға көмкеріп, талай талантты қанаттандырған өнер ұжымында жас өнерпаздардың өнерін шыңдау мақсатында 2015 жылдан бастап балалардың рухани дүниесін байытып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік тәрбие беру мен ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда шәкірттер тәрбиелеп жүрген кәсіпорынның музыкалық жетекшісі Жайна Дайрабайқызы жетекшілік жасайтын «Ізбасар» көркемөнер үйірмесі, 2019 жылдан бері кәсіпорын мәдени ұйымдастырушысы Расул Байдулла жетекшілік ететін «Жас жұлдыз» эстрадалық үйірмесі, хореограф Манзура Алтынбек жетекшілік ететін «Gold Star» би үйірмесі, айтыскер ақын Мамыр Байдаулетов жетекшілік жасайтын «Адырна» жас ақындық үйірмесі, суретші Оралбек Қанибай жетекшілік жасайтын «Қылқалам» сурет үйірмесі, көркемдік жетекші Гүлшат Сәдуақасова жетекшілік жасайтын «Шебер қолдар» колөнер үйірмесі, 2021 жылы құрылған әдіскер Шолпан Құрбанова жетекшілік жасайтын «Асыл қазына» ардагерлер ұжымы, мәдени ұйымдастырушы Айдын Есіркеп жетекшілік жасайтын «Қуыршақ» үйірмелері жұмыс жасауда.

Бұл үйірмелер өнерді серік еткен әрбір жанның өнерінің шыңдалуына жағдай жасап, өнерді сүйген, өлеңді сүйген аудан тұрғындарының ыстық ұясы іспетті. Осы тұста өнер ошағының көркемөнерпаздары аудандық, облыстық, республикалық байқау-конкурсарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді. Атап айтатын болсақ, Жалағаш ауданы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылып келе жатқан дәстүрлі «Көктем нұры» облыстық мектеп оқушылары арасындағы айтыста «Адырна» жас ақын

үйірмесінің мүшелері Мейіржан Қартбай бас жүлдені, «Ақиқаттың бойына өнер мен рухани күш беретін бірден-бір киелі шаңырақтың бірі – Жалағаш ауданындағы Руханият орталығы» атты ақын-жырау Құлан Алдабергеновтың шығармашылығына арналған облыстық жас ақындар айтысында жүлделі бірінші орынды, Түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұовтың туғанына 150 жыл толуына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» атты аймақтық ақындар мүшәйрасында жүлделі екінші орынды иеленген. Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен «Ақберен» ІХ республикалық өнер байқауында Шадыман Теміршеқызы жүлделі үшінші орынды, Жаңақорған ауданының 95 жылдығы және Социалистік Еңбек Ері Орынбай Бидашевтың туғанына 100 жыл толуына орай өткен «Еңбегін ел таныған Еңбек өрі» атты облыстық жас жазба ақындар мүшәйрасында Дидар Әмірзақ жүлделі бірінші орынды, Мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевтың 70 жасқа толуына арналған «Туған жердің тұғыры биік тұлғасы» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасында бас жүлдені, қазақ әдебиетінің Сыр өңіріндегі көрнекті өкілі, ақын Жүсіп Қадірбергеновтың 150 жылдығына арналған «Тарихыңды таны, тұлғанды құрметте» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасында жүлделі екінші орынды иеленді.

Қызылорда қаласында өткен «Мен де жұлдыз боламын» атты республикалық балалар байқауында «Gold Star» би тобы жүлделі бірінші орынды иеленіп, халықаралық байқауға жолдама алған. Қазақстан Республикасының білімнің арттыру, білім-ғылым және мәдениетті қолдау ұлттық қорының ұйымдастыруымен өткен облыстық «JasStar» бірінші балалар жасөспірімдер конкурсының облыстық кезеңінде «Ізбасар» көркемөнер үйірмесінің мүшесі Нұрайым Бақтыр бірінші орынды иеленіп, республикалық байқауға жолдама алса, ақын Мұхтар Шахановтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Айналайын» балалар арасындағы облыстық көркемөнер оқу шеберлерінің байқауында Дүйсенғали Жібек жүлделі үшінші орынды иеленді.

Шығармашыл жастар халықаралық сайыстарда да жүлделі орындардан бой көрсетіп келеді. Байдулла Расул Мәскеу қаласында өткен «Радуға искусство» халықаралық өнер конкурсында «Эстрадалық вокал» номинациясымен бірінші дәрежелі лауреат атанған «Нысанбай жырау бейнесі қылқалам ізмен» атты жастар арасындағы аудандық суретшілер байқауында «Қылқалам» сурет үйірмесінің жетекшісі Қанибай Оралбек бас жүлдені иеленген.

Жалпы, айта берсек, аудандық мәдениет саласында жетістік көп. Бастысы, оның барлығы аудан руханиятына тейіс серпін беруде.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Салаға серпін берген

«Өнер мен мәдениет халықтың рухани азығы. Өнер адамы болғанын бала күнгі арманының жетегінде жүріп, сол арманды мақсатқа ұластыруының себебі еді. Адам да мені бала кезімнен өнмен әлдилеп, өнмен ұйықтататын. Жастайымнан өнерге деген құштарлығым мектеп табалдырығында да сахнадан, ән айтудан алыстауға мұрша бермеді. Өзімді басқа мамандық ісін ретінде елестете алмаймын» дейді өнер жолына өмірін арнаған кейіпкеріміз.

«Өнеріңнің өрісі кең» дейді халық. Расында, өнер жолы қасиетті жол. Кезіндегі халықтың көзайымына айналған салт-серілер, әнші-жыршылар сайын даланы дара дауысымен тербеп, қоңыр үнді домбыраның қос ішегінен күмбіретіп күй төгетін. Той-дұман дәстүрлі ән-күйсіз, әдемі айтыссыз өтпейтін. Қазір де мәдениет саласы заманауи деңгейде дәріптеліп келеді. Өнерге деген халықтың ықыласы ыстық, құрметі жоғары. Осы жолда жүрген майталмандардың да еңбегі елеусіз емес. Өнер тарландарының салаға қосып жүрген еңбектері мен қалтқысыз қызметтері арқашан ел жадында. Әсіресе аудандағы мәдениет саласының дамуына үлес қосып жүрген өнер майталмандарының басын қосқан аудандық Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінің де атқарып жатқан жұмыстарында жүйе бар. Ал біз өңгіме басында сөз еткен кейіпкеріміз осы мәдениет саласына өмірін арнаған майталман.

Жастайынан өнерге құштар, тұма талант ісін Жарқынқұл Азанбаева өз өмірін толығымен өнер жолына арнап, аудан мәдениетіне өзіндік үлес қосып келеді. Жарқынқұл Жақаншақызы 1964 жылы 13 наурызда Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылына қарасты Ақшал елді мекенінде дүниеге келген. 1971 жылы Қармақшы ауданының орталығындағы №26 Ш.Уәлиханов атындағы қазақ орта мектебінің табалдырығын аттап, 1978 жылы 8 жыл білім алып, 1978-1981 жылдары Қаракеткен ауылындағы №14 «Актив» орта мектебін тәмамдады. Мектеп қабырғасында жүргенде 3 сыныптан бастап сахнада ән салып, әзіл-сықақ қойлымындарына қатысқан. Мектеп аралық байқау, жарыстардан талай жүлделерді иеленген. Мектеп бітірісімен «Алау» комсомол жастар бригадасында болып, елге еңбек етті. 1982-1983 жылдары Шымкент мамандықтары №38 училищенің «Кинемеханик» бөлімін тәмамдаған ол Жалағаш совхозындағы кәсіподаққа қарасты ауылдық клубтың меңгерушісі қызметін атқарды. Клубтағы мәдени-үгіт бригадасын құрып, елді мекенде орналасқан шопандарға өнер көрсететін. Одан кейін Шымкент облысы, Жетісай қаласындағы мәдени-ағарту училищенің «Рәжиссура» бөліміне түсіп, «Театр коллективінің жетекшісі», «Клуб қызметкері» мамандықтары бойынша білім алып, аудандық мәдениет үйі жанындағы автоклуб меңгерушісі қызметіне қабылданады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Музыка және ән салу» бөліміне түсіп, «Музыкалық білім» мамандығын игеріп шығады. 1989 жылы алғашқы еңбек жолымен аудандық мәдениет бөлімінде бастаған ол «Автоклуб меңгерушісі», балетмейстер, нұсқаушы қызметтерін атқарады. Мұнан соңғы еңбек жолын мәдениет үйінің әдіскері болып жалғастырып, 2015 жылдан бері режиссер қызметін абыроймен атқарып келеді. Сонымен бірге мәдениет үйі жанындағы қуыршақ театры үйірмесінің жетекшісі.

Жарқынқұл Азанбаеваның репертуарында «Қиылдағы қалқа», Ә.Тілеуиевтің «Алтайдың аржағынан келген ару», «Шилі өзен», «Бақыт деген», «Арманым сен», «Сағым жылдар», «Достарым», Ф.Оңғарсынованың сөзіне жазылған «Жақсы көру», «Ұ.Жолдасовтың «Сағыныш», Ә.Бейсейітовтың «Шақырады көктем», «Өмір сені көп ойлаймын» секілді халық әндері, қазақ композиторларының туындылары бар. «Жаңаша» ойын-сауық отауында Т.Бекарыстановтың «Келсап», «Кемпірлер сайысы», «Екі қыздың өңгімесі», «Айтсы», Қ.Өздембаеваның «Шаш туралы хикая», Ә.Шілдебаевтың «Агенттің өлеңі», интермедияларын сахналаған. Сонымен бірге Д.Исабековтың «Кішкентай ауыл» атты драмалық қойылымында Хадиса рөлінде, С.Жүнісовтың «Жан дауа» спектаклінде Соқыр кемпір рөлінде ойнаған. Бір айта кетерлігі, осы спектакльмен аудандық мәдениет үйі жанындағы драма ұжымы «Халық театры» атағын алған екен. 1999 жылы С.Шаймерденовтың «Декей келе жатыр» спектаклінде Базарқұл рөлінде, 2000 жылы Қалихан Ысқақовтың «Охран бастығы» спектаклінде Қалампыр рөлін, 2001 жылы Қ.Аманжоловтың «Досымның үйленуі» спектаклінде Биғамын рөлін, 2004 жылы Қ.Мұхамеджановтың «Ана-Жер-Ана» спектаклінде Толғанай рөлін, 2006 жылы Қ.Мұхамеджановтың «Белгілік берік астында» спектаклінде Баршағұл рөлін, 2008 жылы Бақжожа Мұқайдың «Сергелдең болған серілер» атты спектаклінде Сайра рөлін, 2013 жылы А.Тілеуиевтің «Қарақұм» трагедиясында Әйел рөлін, Ә.Тәжібаевтың «Майра» спектаклінде Зәру рөлін, 2019 жылы Б.Ұзақовтың «Ажан дауа» спектаклінде ана рөлін ойнаса, 2020 жылы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай Иранғайып Оразбаевтың «Мен ішпеген у бар ма...» спектаклінде Абайдың үлкен жеңгесі образын сомдаған «Жан дауада» Ана рөлінде, «Жеңгетайда» Толым апа рөлінде өнер көрсетіп, көрермен көзайымына айналды. Содан бері балалар қуыршақ театры үйірмесінің балалар драма театры үйірмесі қолға алып, балаларға арналған «Ақылды бұзау», «Қаңбақ шал», «Бала батыр», «Ақтар көсе, тасбақа, Қарадау және есек» «Қайырымды Арыстан» ертегі қойылымдарын балаларға ұсынып келеді. Өткен жылы «Бала батыр» ертегі «Қызылорда Musical» балалар музыкалық драма үйірмелерінің облыстық байқауында жүлделі 1 орынды иеленіп, жетістіктер қатарын толықтырды.

Саналы ғұмырын өнерге сарп еткен сала қызметкерінің еңбегі елеулі, өміржолы кейінгі буынға үлгі. Жарқынқұл апамыздың Еңбек кітапшасына «алғыс» жарияланып, әр жылдары облыстық мәдениет басқармасының, аудан әкімінің, аудандық мәдениет бөлімінің, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы орынбасарының алғыс хатымен марапатталып, облыс әкімінің және «Қазақстан салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің «Құрмет грамотасын» иеленген.

Бүгінде өнер майталманы жаңа толқын жас буынға бағыт-бағдар беріп, өнердегі өмірлік тәжірибесімен бөлісіп отырады. Бір-екі жылда мәдениет саласынан зейнеткерлікке шығады. Десе де, Жарқынқұл Жақаншақызы зейнетке шыққанмен, өнерден қол үзбейді деп есептейміз. Ал мәдениет саласындағы ойып тұрып алған орны, халқы сүйген өнер иесінің өнері де, өзі де ел жадынан өшпейтініне де көміл сенеміз. Өнер ісін өнер атты өлкеге қадам басқан жас мамандар белгілі қоғам қайраткері Илияс Омаровтың «Мәдениет – халықтың ең үлкен рухани азығы. Бұл салаға көз келген жан келе бермейді, халыққа мәдени қызмет көрсететін маманның өз мәдениет пен білімді кемел игерген адам болуы тиіс. Жеңіл ойлы адамға жұмысы оңай көрінетін бұл салаға қызығып келушілердің ұзақ уақыт тұрақтап қалуы сирек құбылыс. Осы саланың ыстығына күйіп, суығына тонуға шыдауға әзір адамдар ғана мәдениет пен өнерді көркейтеу өз үлестерін қоса алады», – деген сөзін үнемі естен шығармаса екен деген ойланғысын жеткізді.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ



Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2015 (“Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған).
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісесі 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Таралымы 3097 Тапсырыс № 796